

Өзбекәлі Жәнібеков деп өзгертсек...

**Текті Торғайдың ырысы,
халқының бағы болған
Өзбекәлі Жәнібековке
«Родина» ауылының
атын беруді ұсынамын.**

1970 жылы Торғай дала-сына жаңа облыс ашу тапсы-рмасымен келген Өзбекәлі Жәнібековтің жаңа облы-стың өркендеуі мен гүлде-нуіне, мәдениеті мен өнеріне қосқан үлесі аса зор болатын. Осы жұмысқа дейін Қазақстан жастар ұйымын басқарған аса білімді, сауатты, таза қазақ-ша сөйлейтін, сөзге шешен, әр сөзін шегелеп, мақалдап-мә-телдеп, дәлелдеп, жүйе-леп, аса байыппен жағымды қоңыр дауыспен, бірқалыпты ырғақпен, арасына артық сөз қоспай сөйлейтін шешен-нің баяндамасын сан мәрте тыңдадық.

Ол кезде мен алыстағы «Родник» кеңшарында жастар басшысы болатынмын. Өз-бекәлі Жәнібеков Торғай да-ласына келгесін алдымен мә-дениет саласын қолға алды. Мәскеудің «Шепкин» атын-дағы театрын тәмамдаған 17 ұл-қызды Арқалыққа әкеліп, театрға орналастырды. Олар-дың барлығы да Қазақстан-ның әр аймағынан барған өзіміздің жастар болатын. Арқалыққа келген жастарға түгел баспана, үстеріне қалың киім, қажетті заттарының бәрін бергізіп, театрға жү-



Осы мәдени ошақтарға Торғай аймағындағы өнерлі, талант-ты жастарды іздеп, оларға жағдай жасап, тұратын үйлер бергізіп, жұмысқа орналасты-рды. Торғай облыстық ради-осы алғаш хабарын таратар-да Өзағаң өзі отырып, өнерлі азаматтардың пікірін тыңдап, «Арқалықтан сөйлеп тұрмыз» атты хабарын алғаш өзі дай-ындаттырған.

Облысқа қарайтын 102 кеңшар, 2 колхоздың, 10 ауданның мәдени-әлеуметтік саласы көз алдымызда өркен-деп, өсіп, гүлденіп, өзгеріп сала берді. Аз жыл ішінде хал-лық саны 80 мыңға жетті. Әр ауданда мәдениет үйі, мұра-жай, архив, кітапхана, ұлттық оркестр, музыка мектептері, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, қонақүй, монша, демалыс парктері, аудан, қала, облыс республикаға ұшақ қа-

рымызды іріктеп, тәрбиелеп, жоғарғы деңгейге көтерген Торғай даласында бір басшы болса ол Өзбекәлі Жәнібеков болатын.

Текті Торғай халқы Өзағам! деп атап кеткен марқұм Өз-бекәлі Жәнібеков Торғайдан басқа аймаққа қызмет ауы-стырса да Торғайдың ты-ныс-тіршілігін қадағалап, ақыл-кеңесін беріп отырды. Өзекең жалғыз Торғай емес, жалпы қазақ ұлтының мәде-ниеті мен дәстүріне, өнеріне, салтына, тұрмыс-тіршілігіне өлшеусіз үлес қосқан азамат еді.

Өзбекәлі Жәнібеков этно-граф, ғалым, қоғам, мемлекет қайраткері, өнер зерттеушісі, тарихшы, сұңғыла шешен, сөз зергері болатын. Осындай аза-мат мемлекет басқарса, көсе-гіміз көгерер еді. Өкінішке орай өмірден ерте озды. Тұтан

өэрин бергізіп, театрда жұмысқа орналастырады. Олардың қатарында бүгінгі атақты актер Досжан Жанботаев, Астанадағы Күләш Байсейітова атындағы театрдың белді актері Мұхтар Манаповтар бар. Жаңадан салынған «Кеншілер» сарайы жастармен жасақталған облыстық «Серке Қожамқұлов» атындағы драма театрдың алғашқы спектаклі «Айман-Шолпанмен» өнер есігін айқара ашқан еді.

Бүгінгі күні араға ондаған жылдар салып, сол қасиетті өнер ордасына жөндеу басталды. Өзекең өзі Торғай аймағындағы барша қазақ ауылдарын аралап, қарттармен, ел ағаларымен кездесіп, елдің жердің тарихын, тарихи атауларын жинайды. Оған қоса ел арасындағы шеберлермен, ұсталармен, тігіншілермен, зергерлермен, үйшілермен, әнші-күйші, қобызшылармен, басқа да өнерлі азаматтармен кездесіп, олардың өнер туындыларын жинақтайды. Өнерлі азаматтарды іріктеп, өнерге тартады. Тұрмыстық тарихи жәдігерлерді, кілем, текемет, алаша, сырмақ, тұскесте, кебеже, сандық, сақина, жүзік, батырлар сауыты, қару-жарағы, ертоқым, атқұрал, табақ тағы да басқа тарихи туындыларды жинатып, Арқалықтан «Дала өлкесі тарихы» мұражайын аштырады. Осы мұражайдың алғашқы директоры марқұм Рсаев Таңатқан ағамыз болатын.

Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын, Арқалық, Державин совхоз техникумын, облыстық филармонияны, «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблің құрды.

демалыс парктері, аудан, қала, облыс, республикаға ұшақ қатынасы, санитарлық авиация, автобус, совхоз аралық адам, почта таситын ұшақтар, аудандық редакция, типография, фотография, аурухана, балабақшалар тұрақты жұмыс жасады. Барлық іс-қағаздар қазақ тілінде жазылды. Баяндамалар қазақша жасалды.

Ұлттық дәстүрге, «Наурыз», шопандар тойына аса мән берілді. Ұлттық айтыстарды өткізуге жол ашылды. Кеңестік дәуірдегі тыйым салынған тарихи тұлғалар, ақын-жыраулардың еңбегі баспа бетінде жарық көре бастады.

1972 жылы жазда қазіргі 9-шағын аудан орнында алғаш «Торғай әуендері» фестивалі өте жоғары деңгейде өтті. Оза шауып бәйге алған жастар облыс орталығына шақырылды. Әсіресе баспасөзге аса мән берілетін. Бүгін шыққан газеттер сол күні оқырманға жететін. Арнаулы ұшақпен кеңшарларға, бөлімшелерге жеткізеді. Халықтың көбі мақала жазатын. Оған қомақты ақша төленеді. Баспасөзге шығып, сыңа іліккен адам кейде қызметінен кететін. Осы жұмыстардың бәрін Өзекең шашау шығармай ұйымдастыра білді. Тіпті әр кеңшарда 4-5 бөлімше болса бәрінде клуб, кітапхана, Фаб, монша, рация, кеңсе жұмыс істеді. Барлық шопанға дерлік электр желісі тартылды. Осындай бар саланы қамтитын жұмыстың бәрі іскер, көреген басшының ұлтжандылығынан, өз халқына адал, таза, шын ниетімен жұмыс жасауынан екені анық.

Ұлттық жанашыры, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, талантты жаста-

орай өмірден ерте озды. Туған отаны арысын ардақтап, Арыстан Бабәулие жанынан еңсели кесене салып, басына шырақшы отырғызды. Дене топырағын неше алуан матамен жауып, жағалай көрпе-жастығын қойып, қолына құранын алып, қолын қусырып, Қош келдіңіз деп алдыңнан жүгіре шығып, Өзекең жайлы ол кісінің теңдессіз еңбегін жырғып айтады азаматтары.

Иә! Оңтүстіктегі ағайын Өзекең алдындағы өз парызын асқан жауапкершілікпен, азаматтықпен, адамгершілікпен, діни рәсіммен орындап жатыр. Текті Торғайды түлетемін деп бар қабілеті мен қуатын, білімі мен қайратын жұмсаған сол жолда орыс текті басшылардың таяқ жесе де мақсатына жетіп, елімізді өркендеткен, мәдениетіміз бен өнерімізді дамытқан, жастарымызды тәрбиелеген арыстай азаматқа не жақсылық көрсеттік деген көкейде сұрақ бар.

Құрметті ағайын!

Ардақты қала халқы, Өзбекәлінің көзін көрген, тәрбиесін алған азамат-азаматшалар!

«Өлі жебемей, тірі байымайды» деген аталы сөз бар. Осы парызымызды өтеу үшін асыл азаматтың атын қала жанындағы «Родина» ауылына беруді ұсынамын. Таяуда Республика Президенті де осындай еңбегі бар азаматтардың атына елді мекен, көше атын беруді ұсынған болатын. Сондықтан «Родина» ауылының атын «Өзбекәлі Жәнібеков» ауылы деп өзгертуді қолдайық ағайын!

Шөптібай БАЙДІЛДИН,
өлкетанушы